

ЖАС ОҚЫТУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты : Жас ұстаздардың кәсіби өсуін ұйымдастыру және оған жағдай жасау, өзін-өзі тұрақты дамыту мен жетілдіру талаптарына сай олардың жоғары кәсіби идеалдарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- жас мамандардың кәсіптік және әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ету;
- жас мамандар мен озық тәжірибе мектебінің байланысын нығайту;
- жас ұстаздың кәсіби біліктілігін , шеберлігін дамыту;
- жас мамандарға білім беру үрдісінде озық технологияларды меңгеруіне әдістемелік көмек беру;
- жас мамандардың интеллектуалдық ой-өрісін арттыру мақсатында әдістемелік семинар, конференция, көрмелер ұйымдастыру және өткізу.

Жұмыс барысын семинар, дөңгелек үстел, ойын түрінде өткізу.

№	Күн тәртібінде	Мерзімі	Жауаптылар
1	Оқытушылардың педагогикалық біліктіліктерін қалыптастыру негіздері 1.Тақырыптық күнтізбе, сабақ жоспарларын құрастыруда және оқу үрдісі барысындағы құжаттарды толтыруда әдістемелік көмек көрсету. 2.Сабақ беруде пән бойынша көрнекіліктер қолдану барысы, түрлері, жинақтары.	Қыркүйек	Колледж әдіскері
2	Оқушалардың оқу-тәрбие білім, білік, дағдысын қалыптастыруда педагогикалық әдіс-тәсілдер. 1.Жаңашыл сабақты ұйымдастырудың алғы шарттары 2. Білім беру үрдісінде озық педагогикалық технологияларды қолдану. «Инновациялық педагогикалық технологиялар»	Қазан	Колледж әдіскері
3	Сабақ - педагогтың шеберлігі мен шығармашылығының туындысы 1.Сабақ жоспарына сәйкес дидактикалық көрнекіліктер қорын жинақтау. 2.Ашық сабақ өткізуде әдістемелік дайындық негіздері,білімгер деңгейіне орай жұмыс бағыттары, түрлері барысында бағыт-бағдар беру.	Қараша	Колледж әдіскері
4	Оқушылар білімін сараптау құжаттарын дайындау үлгілері 1.Пәндер бойынша оқушылардың білімін тексеру,	Желтоқсан	Колледж әдіскері

	қорыту жөнінде кеңестер, тесттік тапсырмалар қорлары. 2. Оқушылардың шығармашылықтарын қалыптастыруда дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп-саралап оқыту, ақпараттық технологиялар және басқада әдістердің қолдану тиімділіктері.		
5	Оқу жылының бірінші жартыжылдығы бойынша істелген іс-шаралар негіздерінің қорытындысы 1.Жартыжылдықтағы жас мамандар мен шеберлердің жұмыс қорытындысы. Жұмыс барысындағы қиындықтар және оны жеңу жолдары 2. Оқу жылының бірінші жартыжылдығы бойынша есеп беру құжаттарын толтыруға көмек беру.	Қаңтар	Колледж әдіскері
6	Нәтиже, жетістік-сапалы білім негіздері 1.Пәндер бойынша мамандыққа қатысты жарыстар, олимпиадалар, байқаулар ұйымдастырып өткізу дайындығында атқарылатын жұмыстар негізінде бағыт-бағдарберу. 2.Жас мамандармен іскерлік ойын: «Үздік жас маман»	Ақпан	Колледж әдіскері
7	Жас мамандарды шығармашылыққа баулу іс-шараларды ұтымды ұйымдастыру негізі 1.Дидактикалық материалдарды топтастырып жүйелеу жайында кеңес. 2.Әдістемелік баяндама тақырыбын таңдау, өзіндік іс-тәжірибесін баяндап жазу нұсқаулары, талдау, тәжірибе алмасу жобалары.	Наурыз	Колледж әдіскері
8	Жас маман іскерлігін сараптау, қорытындылау. 1.Интерактивті тақтаның оқыту мүмкіндіктері 2.Әдістемелік әдебиеттерге шолу, жас мамандармен тәжірибелік жұмыс бағыттарын ұйымдастыру.	Сәуір-мамыр	Колледж әдіскері
9	Жыл бойы істелген іс-шаралар негіздерінің қорытындысы 1.Жас мамандар жұмысын қорытындылау мақсатында көрмелер ұйымдастыру, есеп беру, келесі оқу жылына міндеттер қабылдау. 2.Оқу жылы соңындағы есеп беру құжаттарын толтыруға көмек беру.	Маусым	Колледж әдіскері